

Г.Ж.Жетімекова, Д.А.Тұрмұратова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: dinkaz73@mail.ru)



Prezi.com веб-сервисін қолданып мультимедиалық материалдарды өңдеу

Мақалада мультимедиалық материалдарды құрастыру үшін инструменталдық құралдарды қолдану сұрақтары қарастырылған. Мультимедиалық интребелсенді тұсаркесерді құрастырудың қарапайым құралы болып саналатын Prezi.com веб-сервисіне ерекше көңіл бөлінген. Авторлар Prezi.com бағдарламалық құралды қолдану технологиясын сипаттаған. Стандартты қолданбалы бағдарламасы мультимедиалық материалдарды өңдеу барысында жиі пайданылатындығы дәлелденген.

Кілт сөздер: мультимедиа, интерактивті, презентация, оқыту, бағдарлама, білім, веб-сервис, ақпараттық технология, кәсіптік оқыту.

Қазіргі ғасыр — жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Білім берудің қазіргі кездегі негізгі мақсаты: білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, олардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану. Олай болса, оқытушылардың алдында тұрған бірден-бір мақсат — студенттер алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, өзіндік көзқарасы бар азамат болып жетілуіне көмектесу.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр оқытушы, күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет [1].

Қазіргі кезде жоғары мектептің оқу үрдісіне, тәрбиесіне қойылатын талаптар даму, өзгеріс үстінде. Сонымен қатар оқытушылардың дайындығына, кәсіптік шеберлігіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Осыған байланысты оқытушы оқу-тәрбие үрдісін интерактивті технологияға негіздеп ұйымдастырған жөн.

Ақпараттық технология екі құрамдас бөліктен тұрады: компьютерлік сауаттылық және компьютерлік білімдарлық. Компьютерлік технологиялардың даму жағдайындағы ақпараттық сауаттылыққа компьютермен өз бетінше жұмыс істей білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу дағдылары мен біліктіліктерінің болуы жатады.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде [2].

Ақпараттық технологияда білім мазмұны оқушыларға негізінен электрондық оқулық арқылы беріледі.

Базалық білім мазмұнының дәстүрлі әдістеме бойынша оқытылуы қазір біртіндеп жаңа технологияларға ауыстырылуда. Сондықтан оқытудың ақпараттық технологиясы студенттердің оқу ақпараттарын меңгеру қабілеттерін күшейтуге әсер етеді. Ақпаратты қабылдаушымен оны өңдеу, сақтау блоктары мен ақпарат ағынының өзі арнайы бір жүйені құрайды.

Қазіргі педагогикалық және оқытудың ақпараттық технологияларын ескере отырып, өткізгендегі ақпараттық технологияның міндеттері:

1. Сабақта модельді жасау және көрсету, презентациялау. Қажетті бағдарламаны қамтамасыз етіп, тақтаға үйлестіріп қолдану жаңа идеяларды түсінуді анағұрлым жақсартады. Оқытудың компьютерлік технологиялары педагогтар мен студенттердің шығармашылық қасиеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

2. Студенттерді сабаққа белсенді түрде қатыстыру. Әр сабаққа қатыстырып, қызықтыру интерактивті тақта қолдану есебінен ұлғаяды.

3. Сабақтың қарқыны мен барысын жақсарту. Интерактивті тақтаны қолдану әр сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартады. Интерактивті тақта — студенттердің барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл мұғалімдерге сабақта жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін визуалды ресурс.

Оның ақпаратты түрлі мультимедиалық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Оқытушылар мен студенттер материалды барынша жетік түсініп оқи алады. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады.

Осы тұрғыдан қазіргі таңда қолданылып жүрген Prezi.com веб-сервисінің атқаратын қызметі аса зор [3].


Қазіргі таңда презентацияның негізгі мақсаты — аудиторияға қарапайым және түсінікті мультимедиалық үлгіде мәліметті, ақпаратты жеткізу.

Негізгі құраушылары суреттер, мәтіндер, анимациялар, әр түрлі графиктер, бейнефайлдар, дыбыстық файлдар болып табылады.

Сонымен қатар мультимедиалық материалды басқару да негізгі бөлік болып табылады. Әдетте мультимедиалық материалды құрастыру үшін Power Point, Soft Maker Presentations және Multimedia Builder, Prezi.com веб-сервистері қолданылады. Осылардың ішінде жиі пайдаланатыны Prezi.com веб-сервисі.


Prezi.com — бұл веб-сервис, оның көмегімен сызықтық емес құрылыммен мультимедиалық интерактивті презентацияларын құруға болады.

Веб-сервисе мультимедиалық материалды өңдеу үшін Prezi.com сайтында тіркеуден өту керек. Тіркелген соң презентациялық үлгінің біреуі таңдалып, материал өңделеді. Таңдау беті келесідей кескіннен тұрады (1-сур.).



1-сурет. Prezi.com презентациялық үлгіні таңдау беті

Презентациялық бет таңдалғаннан соң, беттің қажет деп табылған бөлігіне мультимедиалық материал орнатудан бастаймыз. Төмендегі 2-суретте мәтін өңдеу құралының көмегімен мәтінді теріп, мәтінге қажетте барлық параметрлерді орнатамыз. Көрсетілген пиктограммалардың көмегімен мәтінге қажет деп табылған параметрлер қойылады.




2-сурет. Мәтінді теру және мәтінге параметрлер орнату беті

Prezi.com веб-сервисінің мәзір (меню) жолы үш топқа бөлінеді:


1. Фреймдер орнату беті.
2. Аудио, бейнесурет қою беті.
3. Тақырыптар қою беті.

Осы үш менюдің көмегімен презентациялық материалдың интерфейсін, дизайнын жақсартуға болады.

1. Фреймдер орнату менюінің көмегімен презентациялық беттерді құрылымға бөлуге, мазмұны жағынан, логикалық құрылымы бойынша топтастыруға болады (3-сур.).




3-сурет. Фреймдерді орнату менюі




4-сурет. Аудио, бейне, сурет кою беті

2. Көмегімен материалға аудио, бейне, сурет, диаграмма, Power Point материалын қоюға болады (4-сур.).


3. Тақырыптар қою менюінің көмегімен байланыстырушы құралдарды, тақырыптарды мазмұнына қарай топтастырып қолдануға болады (5-сур.).



5-сурет. Тақырыптар кою беті




6-сурет. Файлды экспорттау

Презентациялық материал құрылымы мен интерфейсі дайын болған соң, файлды сақтау, толық рәсімдеу қажет етіледі. Ол келесі  батырмасының көмегімен орындалады (6-сур.).

Дайын болған презентацияларды  белгілері арқылы мазмұнымен байланыстырып, топтастыруға болады.

Презентацияларды құру барысында диаграммалар қолдану үшін дайын диаграммалар үлгілері ұсынылады. Диаграмма үлгісі таңдалғаннан кейін диаграмма бөліктерін ақпаратпен толтыру қажет етіледі (7-сур.).



7-сурет. Диаграммалар құру беті

Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы веб-сервисті қолданса, мақсаттарына жетеді. Бұл веб-сервистің оқушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндік зор. Сондай-ақ оқытушылар үшін абстрактылы ойлар мен тұжырымдарды түсіндіруде құнды құрал болып табылатыны анық.

Оқытушының шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені меңгеру, игеру. Сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген әрбір сабақ — ұстаздың еңбегінің айғағы. Оқытудың негізгі формасы, оқыту, білім беру үрдісінің негізгі мақсаты — студентте білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру. Кез келген теориялық білімнің практикасы да сабақта талқыланып, түсіндіріліп, пысықталып, студентке білім негіздері қалыптастырылады.

Білім — әрбір студенттің бағындыратын шыңы. Шың биігіне жету жолында қандай қиыншылықтар кездесе, оқу, білімді меңгеруде де сондай қиыншылықтар кездеседі. Оны жеңілдету — оқытушылардың міндеті. Осы мақсатта педагогикалық технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалануға тырысу қажет. Әрбір жеке тұлғалардың білімділігі, кеңінен ойлауы, талдай білуі тұрғысында тікелей жұмыстар жүргіземіз.

Қазіргі кезде оқытудың басты мақсаты — өз бетінше дами алатын, жеке шығармашыл тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан, оқушыларға өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын үйрету керек. Осы бағытта студенттердің ғылыми жобалар жарысына қатысып шығармашылық жұмыспен айналысуына көп көңіл бөлген дұрыс. Сондықтан жаңартылған технологиялардың элементтерін пайдалану — әр оқытушы үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.

Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне лайықты болу керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Prezi.com ресми сайты
- 2 Сағымова А.С. Мемлекеттік тілді оқыту барысында студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру: Оқу құралы. — Алматы: Алматы технол. ун-ті баспасы, 2002. — 154 б.
- 3 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://dop.uchebalegko.ru/docs/index-4452.html?page=35>

Г.Ж.Жетимекова, Д.А.Турмуратова

Обработка мультимедийных материалов с использованием веб-сервиса Prezi.com

В статье рассмотрены вопросы использования инструментальных средств для создания мультимедийных материалов. Основное внимание уделено веб-сервису Prezi.com, как одному из простейших средств для создания нелинейных мультимедийных интерактивных презентаций. Авторами описана технология использования программного средства Prezi.com в учебном процессе. Отмечено, что при обработке мультимедийных материалов используются стандартные прикладные программы. Определено, что в настоящее время при обработке мультимедийных материалов большим спросом пользуется веб-сервис Prezi.com.

G.Zh.Zhetimekova D.A.Turmuratova

Processing of multimedia materials with Prezi.com web service use

In article questions of use of tools for creation of multimedia materials are considered. The main attention is paid to the Prezi.com web service, as to one of the elementary means for creation of nonlinear multimedia interactive presentations. Authors described technology of use of a software of Prezi.com in educational process. When processing multimedical other materials standard prikaldny programs are used. Now when processing multimedical other materials by great demand the Prezi.com web service is used.

References

- 1 *Official site Prezi.com*
- 2 Sagimova A.S. *Manual*, Almaty: Publ. Almaty technological university, 2002, 154 p.
- 3 [ER]. Access mode: <http://dop.uchebalegko.ru/docs/index-4452.html? page=35>

УДК 004:378.147

И.Н.Соколова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: irina04.12@mail.ru)*

Использование гипертекстовой технологии в организации педагогического процесса по иностранному языку

В статье рассмотрены вопросы информационных технологий, которые занимают центральное место в процессе интеллектуализации общества, развития его институтов. Образование и наука являются объектами информатизации, которая определяется как глобальный социальный процесс. Автором показана роль активного применения современных информационных технологий, а именно гипертекстовой технологии представления учебного материала, которая направлена на повышение качества обучения.

Ключевые слова: гипертекст, гипертекстуальность, информационная структура, поликодовая информация, активизация деятельности обучаемого, письменная коммуникация, тезаурус, классификация учебных вопросов.

Важным условием педагогической ценности информационных технологий как обучающих программ является сложность дидактического материала, форм и методов организации учебной деятельности относительно уровня подготовки обучаемых и их возрастных особенностей. Адаптивность программных средств к индивидуальным возможностям обучаемого обеспечивается несколькими